

1. Ся Ишань. Лунь Чжунгодэ нэнюань аньцюань чжанлюэ// «Чжунвай нэнюань» №11, 2006.02. (Ся

Ишань. О стратегии энергетической безопасности Китая// «Чжунвай нэнюань» №11, 2006.02.)

Ж.Қ. Қуанышбекова

САУД АРАБИЯСЫНЫҢ АҚШ-ПЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫ

Соңғы кездері халықаралық терроризммен күресу және Ирак мәселесінің ушығуына байланысты АҚШ пен Сауд Арабиясы арасындағы қатынас та күрделене түсті.

АҚШ-та Сауд Арабиясының исламдық экстремизмге қолдау көрсетіп жатқанын айыптаса, ал американдық бұқаралық ақпарат құралдарында «Аль-Каида» сияқты террористік ұйымдар Сауд Корольдігі отбасының қорымен қаржыландырылғанын дәлелдейтін құжаттар жарық көрді /1/. Әсіресе, 2001 жылдың 11 қыркүйегіндегі террористік актілерге қатысқан 19 адамның 15-і Саудия құзырындағы азаматтар не корольдікте тұрып жатқан азаматтар болуы американдықтарды алаңдатты. Американдық саяси орталарда көпшіліктің ойынша, АҚШ Саудиямен конфронтацияға түспейінше, халықаралық терроризмнің қаржылық базасын жоя алмайды /2/. Мұндай шешімге қаржы саласында терроризммен күресу стратегиясын зерттейтін нью-йорктік халықаралық қатынастар бойынша Кеңестің арнайы сараптамашылар тобы келді. Олардың пайымдауынша, Сауд Арабиясы Корольдігінің қайырымдылық қорлары мен жеке тұлғалары «Аль-Каида» қаржыларының негізгі қайнар көздері болып табылады. Ұсыныс ретінде жоғарыда аталған кеңес күш әдістерін қолданбай, саяси және қаржылық салада Эр-Риядқа барынша американдық қысым көрсету керек.

Сонымен қатар, АҚШ-та саудтық билікке одан да қатаң қысым көрсетуді қолдайтындар да аз емес. Бірқатар зерттеушілердің мәлімдеуінше, корольдікте төтенше жағдай пайда бола қалған жағдайда Вашингтонда арнайы дайындалып қойған жоспардың бар екенін ашық айтты. Бірінші кезекте, билікке радикалды антиамерикандық күштердің келуі

қарастырылады. Пентагон үшін дайындалған «Ренд корпорейшн» сараптамашылардың баяндамасында Саудия мемлекеті АҚШ-тың одақтасы емес, қарсыласы болғандықтан, «төтенше жағдайда» американ әскерін корольдік территориясына кіргізуін қарастырады /3/. Ең бастысы, мұнай өндіруші Парсы Шығанағының жағалауындағы Эль-Хаса ауданын оккупациялау, жергілікті шииттер мен орталық биліктің арасындағы қайшылықты араңдату әдістері де алға қойылған.

Жоғарыда аталғандарға қоса, АҚШ-та саудтықтарға өзінің дәстүрлі айыптарының тізімі бар. Оларға: адам құқықтарының бұзылуы, демократиялық еркіндіктердің жоқтығы, биліктің барлық сатыларындағы жемқорлықтың өрбуі, қоғамдағы әйел құқықтарының теңсіздігі, басқа діндерге қатынасы, бұқаралық жазалаулардың болуы /4/ және т.б.

Соңғы уақытта американ-саудтық қатынастардың бәсеңдеуі іскерлік және туристік сапарлардың қысқаруынан, іскерлік жобалардың тоқтатылуынан ғана емес, 2002 жылдың I жартысында корольдікке американ экспортының 1/3-не қысқаруынан көрініс тапты. Алайда, Сауд Арабиясы АҚШ-тың Таяу Шығыстағы негізгі сауда серіктесі болса, американдық импорттың 15%-ы Саудияға тиесілі екендігін ұмытпау қажет. Корольдікте 50 мыңға жуық жұмыскерлері бар 700-ден аса американдық фирмалар мен компаниялар жұмыс істеуде /5/. Құрама Штаттар саудтықтарға визалық талаптарды күшейткеннен кейін, Эр-Рияд та бұл шараларды американдықтарға қолдануға тура келді.

Өз тарапынан Сауд Арабиясы елдің сыртқы саяси бағытының тәуелсіздігі мен дербестігін әр уақыт мәлімдейді. Корольдік Вашингтонның жаппай қыру қаруын тарату (Ирак және басқа араб

елдеріне тыйым салынған, ал Израильге әрдайым қолдау көрсету саясаты) мәселелері бойынша сыртқы саясатының екілік стандартын, сондай-ақ Эр-Риядта Вашингтонның палестин-израильдік қақтығысты реттеу мәселесі саясатын жағымсыз қабылдап, Вашингтонның произраильдік бағытын айыптайды /6/.

1980 жылдардан бастап-ақ Сауд Арабиясы АҚШ-тың ең ірі шетелдік салымшысы ролін ойнап, американ банктеріне, экономикасына, жылжымайтын мүлікке инвестицияларын құйып келген еді. Әр түрлі бағалаулар бойынша, Сауд Арабиясы король отбасының қаражатын қоса алғанда АҚШ-қа 400-ден 600 млрд. доллардан астам қаражат бөлген /7/. Алайда соңғы кездері корольдіктің құзырындағылары өздерінің американ банктерінде валюта күйінде сақталатын банктің өз есебінде тұратын қаражаттарын тезарада АҚШ-тан алып кетуді көздеп, жақын арада Құрама Штаттарда саудтықтарға инвестициялық климаттың бұзылу қаупінен қорықты.

2002 жылдың тамыз айында жарық көрген «Файненшл таймс» британдық газетінің мәліметтері бойынша, саудтықтар АҚШ-та өз активтерін 250 млрд. долларға сатты /8/. Қорғаныс және авиация министрі ханзада Султанның мәлімдеуінше, әскери-техникалық ынтымақтастықта жаңа әріптес іздеуден корольдік еш тайынбайды. Жапония мен Франциядан импорттың өсуі байқалған болатын.

Соңғы кездері саудтық ресми көзқарастарды бейнелейтін бұқаралық ақпарат құралдарында ел үкіметін АҚШ-пен қарым-қатынасын қайта қарау мен өзіне қауіпсіздік саласында басқа әріптес іздеуге шақырды. Саудтықтар толығымен американ әскери көмегіне тәуелді сателлит болып табылмайтындығын ашып көрсеткісі келді.

Ирак мәселесін шешуде Эр-Рияд пен Вашингтон арасында келіспеушіліктер пайда болды. Корольдік Иракқа қарсы бағытталған американдық әскери операцияға қарсылық білдірді. Сонымен қатар саудтықтар Багдадтан БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің 2002 жылдың 8 қарашасындағы 1441 резолюциясын

қабылдауды талап етті /9/. Алайда саудтық басшыларды тағы бір алаңдатқаны, егер американдық әскери базаларын Сауд Арабиясы өз территориясына орналастыруға келісім берсе, онда келешекте радикалды исламистік оппозицияның шұғыл белсенділігі мен елдегі тұрақсыздық жағдайының пайда болуы не ғайбыл?..

Сонымен американ-саудтық қатынастар қаншалықты күрделене түсті? Оларға қандай себептер әсер етті?

Мұндай сұрақтарға жауап беру үшін американ-саудтық қатынастар қандай негізде пайда болды және дамып отырғанын анықтап алуымыз қажет. АҚШ Сауд Арабиясын Таяу Шығыс елдерінің ішінде аймақтық жағдайды белгілі дәрежеде анықтайтын ел деп қарастырады /10/. Алып мұнай қорларына ие бола отырып, Араб түбегінде территориясының үлкендігі, халық санының көптігі және адам басына шағылатын орташа табыстың жоғары болуы аймақтың «орталық күші» роліне ие болуға мүмкіндігін арттыра түседі. Өзінің экономика, ғылыми-техникалық потенциалы дамуының баяулығы мен адам ресурстарының шектеулі болуы құрлықтағы және теңіздегі шекараларын қорғауға дәрменсіздігі ел қауіпсіздігін алаңдатады.

Жоғарыда аталған барлық салаларда Сауд Арабиясы Парсы Шығанағында көшбасшылық роліне бәсекелес Ирак пен Ираннан кейінгі орынды алады. Мүше елдердің саяси, аумақтық-шекаралық мәселелердің болуына қарамастан, корольдік Парсы Шығанағы араб мемлекеттерінің Ынтымақтастық Кеңесінде орталық күш ролін иемденіп келуде.

Билеуші Сауд әулеті өз режимінің әлсіз жақтарын мойындай келе, батыстық, американдық бағытты корольдік қауіпсіздігінің кепілдігі деп есептеді.

1990-1991 жж. Ирактың Кувейтке қарсы агрессиясының оқиғаларынан кейін, Сауд Арабиясы өзінің толықтай сыртқы қауіпсіздігін дербес те, жиынтық әскери потенциалы саудтыққа жетпес Ынтымақтастық Кеңесінің одақтастарының көмегінсіз де қамтамасыз ете алмайтындығын түсінді. Нәтижесінде, Эр-Рияд АҚШ және оның НАТО бойынша

одактастары Ұлыбритания және Франциямен тығыз және кең ауқымда әскери-саяси ынтымақтастық құруға бел буады. Демек, АҚШ өзінің Таяу және Орта Шығыста саяси, экономикалық және әскери позицияларын бекіту үшін Сауд Арабиясына ерекше көңіл бөледі.

Корольдіктің ОПЕК-тегі көшбасшылық ролі, араб және ислам әлеміндегі Эр-Риядтың саяси әсері, елдегі режимнің тұрақтылығы және оның алып қаржылық мүмкіндіктері АҚШ үшін өте маңызды /11/. Бұл факторлардың барлығын Вашингтон өзінің сыртқы саясатының мүдделерімен ұштастырады. Сондай-ақ, әлемдік мұнай қорының 2/3-і және 1/3 табиғи газдың қоры орналасқан аймақта қауіпсіздікті қамтамасыз ету әлемдік және американдық экономиканың негізгі мүдделері болып табылады. Демек, сауд-американдық қатынастардың негізінде өзара қызығушылықтардың кең кешенінің болуы жатыр.

Саудтықтар үшін АҚШ-пен ынтымақтастық бірінші кезекте корольдіктің қауіпсіздігін сақтау, әскери потенциалын күшейту, әскерінің соғысқа қабілеттілігін жоғарылату және ұлттық қарулы күштерінің нығайтуға қажет еді /12/. Алайда, Эр-Рияд сыртқы саяси бағытының тәуелсіздігін көрсету мақсатында АҚШ-пен әскери ынтымақтастық жөнінде ресми құжаттарды бекітпеді.

Шетел баспасөзінің мәліметтері бойынша, 90-шы жылдар барысында қару-жарақ пен әскери техниканы АҚШ-тан әкелу үрдісі жиеленген. 1991-1997 жылдары АҚШ-тағы саудтық әскери тапсырыстардың бағасы 24,835 млрд. долларға тең болды. 1999 ж. 72 – F15S истребитель (истребительдердің саудтық нұсқасы – F-15E).

Келісуші жақтар қару-жарақтардың жаңа модельдерін, нақтырақ айтар болсақ, «әуе-әуе» классы орта қашықтықтағы AIM-120 AMRAAM ракетасының жеткізілуі келісілді. 2000 ж. 2,7 млрд. доллар соммасына АҚШ-тан әскери көмек алу шешілді. Бұл қаржылар саудтық Ұлттық гвардияның тактикалық байланыс жүйесіне, F15S истребительдерін техникалық жабдықтау үшін және брондалған жеңіл

LHV автомобильдерін Канададан сатып алу үшін бөлінген болатын /13/.

Жалпы саудтық Қарулы күштерінің әскери техникасы мен қару-жарақтарының 85% американдық болып табылады. Соған қоса, АҚШ ұлттық әскери кадрларын дайындауда да көмегін тигізуде. Екі елдің жоғары әскери басшыларының кездесуі де жиі өтіп тұрады. Американдық қолдаумен АҚШ әскерінің корольдіктегі Инженерлік корпусының қатысуымен әскери-әуе, әскери-теңіз базалары, әскери қалашықтарды қоса алғанда 100-ге тарта ірі әскери объектілер құрылып немесе жаңартылды.

Өз тарапынан Сауд Арабиясы АҚШ-тың Қарулы күштеріне корольдіктің әскери және азаматтық инфрақұрылымын пайдалануға жағдай жасады. АҚШ сауд территориясында өзінің ірі әскери контингентін орналастырған болатын. 2002 жылдың басындағы мәліметтер бойынша, онда 5110 жауынгер қызмет атқаруда /14/. Алайда әскери-техникалық саласындағы ынтымақтастық шеңберінде кейде келіспеушіліктер болып тұрды. Оның себебі, Израильге потенциалды қауіп төндіреді деген болжамдар жасаған американдық конгресі Сауд Арабиясына кейбір әскери техника түрлеріне экспортқа шектеу қойды. Эр-Рияд болса әскери-техникалық ынтымақтастықты кеңейту мақсатында Ұлыбритания, Франция және бірқатар өзге елдермен келіссөздер жүргізді. Бірақ, шетел әскери көмегінің, әсіресе, АҚШ және өзге де Батыс елдерінің тарапынан корольдіктің ұзақ мерзімді тәуелділігі сол күйінде қала бермек /15/.

Сауд Арабиясы халықаралық терроризмді оның кез-келеген түрінде ресми айыптайды. 1999 ж. корольдік билігі әлемге танымал Усама бен Ладенді саудтық азаматтығынан айырады. 2001 жылдың күзінде Сауд Арабиясы АҚШ-тағы террористік актілерді айыптап, Ауғаныстандағы талибтік режиммен дипломатиялық қатынастарды ресми түрде тоқтатады. Корольдік билігі елдің ішкі қауіпсіздігін сақтау мақсатында бірқатар шараларды қолға алды. Елдегі әр түрлі қорларға және қаржы ағымына қатал бақылау орнатты. Бен Ладенмен байланысы бар азаматтарды тұтқындап,

терроризммен күресетін сауд-американдық арнайы қызметтер бірлесіп жұмыс істей бастады.

Негізінен, Сауд Корольдігі өзінің ұлттық қызығушылықтарының бірі ретінде Батыс мемлекеттерімен байланысты арттыруды көздейді. Осының негізінде АҚШ-пен қарым-қатынасы да маңыздылығы жағынан алғашқылардың бірі болып табылады.

Сауд Арабиясы Құрама Штаттармен қарым-қатынастары мұнай мәселесі және Парсы Шығанағы аймағындағы қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету мәселелерінде қызығушылықтарының сәйкес болуына негізделеді. Таяу Шығыстағы мәселе шиеленіскенге дейін Сауд Арабиясы мен АҚШ достық қарым-қатынаста болатын еді. Халықаралық терроризмге қарсы кампания жаңа контекст енгізгенмен оның негізгі мағынасы достық қарым-қатынасты бұзбауға негізделеді. АҚШ та, Сауд Арабиясы да мүмкіндігінше өздерінің бір-біріне деген мүдделерінен айырылмау үшін қарым-қатынастарын тұрақты дамытып отыруды көздейді.

1 Лиль Вилайят Аль-Муттахида 11 айноль ва ли Ас-Саудийя 12 айяр (У Соединенных Штатов – 11 сентября, у Саудовской Аравии – 12 мая). – Elaph Publication, 19 мая 2003. – <http://www.elaph.com.:9090/>

2 В.Пашков США – Саудовская Аравия: Сценарий будущих отношений. Саудовская Аравия: эволюция режима и пределы возможного в политическом развитии – М., 2003, 95-97 бб.

3 Аль-Мамляка лян татахавин маа кулль ман юхаддид аль-амн ва аль-истикрар (Королевство не будет мириться с теми, кто угрожает безопасности и стабильности). – Elaph Publication, 14 мая 2003. – <http://www.elaph.com.:9090/>

4 Косач Г.Г. Саудовская Аравия: контекст процесса демократизации. Саудовская Аравия: эволюция режима и пределы возможного в политическом развитии – М., 2003, 51б.

5 Middle East Economic Digest, 25.04.2002. 28 б.

6 Глебова Н.С. Оценка арабскими и западными аналитиками современной ситуации в Саудовской Аравии (Ближний Восток и Современность) - М., 2003, 36-38 бб.

7 Middle East, февраль 2003. 18 б.

8 Аль-Хальян И.А. Аль-Мамляка амам муфтарак хасим (Королевство на-ходится на судьбоносном перекрестке). – Мусаккафун саудийюн юнаки-шун аль-васика аль-ватанийя ли аль-ислях. – Elaph publication, 14 марта 2003. – <http://www.elaph.com/>

9 Надва «Аш-Шарк Аль-Аусат». Руа ва асия тахуд фи ильтибасат аль-иялякат ас-сиясийя маа Аль-Вилайят Аль-Муттахида (Форум «Аш-Шарк Аль-Аусат»). Взгляды и вопросы в связи с поворотами политических отношений с Соединенными Штатами). – «Аш-Шарк Аль-Аусат», 15 марта 2003. – Цит. по: Elaph publication, 15 марта 2003. – <http://www.elaph.com/>

10 Буш: Аль-Мамляка Аль-Арабийя Ас-Саудийя садькатуна (Буш: Королевство Саудовская Аравия – наш друг). – Elaph Publication, 16 мая 2003. – <http://www.elaph.com.:9090/>

11 Надва «Аш-Шарк Аль-Аусат». Аль-Маль ва аль-аамаль фи аль-иялякат ас-саудийя аль-американийя: истисмар ам мукатаа (Форум «Аш-Шарк Аль-Аусат»). Капитал и бизнес в саудовско-американских отношениях: инве-стиции или бойкот). – «Аш-Шарк Аль-Аусат», 16 марта 2003. – <http://www.asharqalawasat.com/>

12 Аль-Амир Абдалла ярбут байн ат-тахассун аль-иктысадый фи аль-минтака ва изалят буур ат-таваттур (Принц Абдалла связывает экономическое улучшение положения в регионе и ликвидацию в нем очагов напряженности). – Аш-Шарк Аль-Аусат, 3 июня 2003. – <http://www.asharqalawasat.com/>

13 Юрченко В.П. Вооруженные силы Саудовской Аравии: состояние и перспективы. Саудовская Аравия: эволюция режима и пределы возможного в политическом развитии – М., 2003, 105-108 бб.

14 <http://www.asharqalawasat.com/>

15 Саудовская Аравия: эволюция режима и пределы возможного в политическом развитии – М., 2003, 104 б.

Данная статья посвящена проблеме развития саудовско-американского военно-политического сотрудничества и этапам ее развития. Далее в статье рассматриваются основные принципы и направления саудовско-американских отношений. Статья актуальна и интересна для широкого круга читателей.

This article is devoted to the problem of developing of military and political cooperation and evolution of the Saudi Arabia and the United States cooperation. Further the author considers the context of main principles and directions of the U.S-Saudi relationship. The topic is actual and recommended to the general public.